

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органның кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 757 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 қаңтарда № 12939 болып тіркелді.

РҚА О-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.03.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҮЙЬРАМЫН:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органның кейбір бүйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебін қалыптастыру мен ұсыну қағидаларын және оның үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрінің 2013 жылғы 25 маусымдағы № 193 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8549 болып тіркелген, 2013 жылғы 2 қарашадағы № 245 (28184) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері жөніндегі қызметі есебінің үлгі нысаны осы бұйрыққа 1-көсымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2) Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 19.02.2020 № 68/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) буйрығымен.

Ескеरту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 19.02.2020 № 68/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

E. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

2015 жылғы "—" —————

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрлігінің
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 757 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау Министрлігінің
2013 жылғы 25 маусымдағы
№ 193 бұйрығына
2-қосымша

Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі есебінің үлгі нысаны 1.

Жалпы ережелер

- 1) Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер.
- 2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:
мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны;
тегін және (немесе) ақылы негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны;

қағаз және (немесе) электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны;

бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттер саны

3) Барынша талап ететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылаулар туралы ақпарат.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбат және басқалар).

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін нормативтік-құқықтық жетілдіру.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат (қосымша).

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау нәтижелері.

4) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің одан әрі тиімділігінің перспективалары және сапасына көрсетілетін қызметтерді алушылардың қанағаттануын арттыру.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрінің
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 757 бұйрығына
2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 19.02.2020 № 68/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрінің
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 757 бұйрығына
3-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрінің 19.02.2020 № 68/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрінің
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 757 бұйрығына
4-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрінің 19.02.2020 № 68/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрінің
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 757 бұйрығына
5-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрінің 19.02.2020 № 68/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК